

СЕКЦИЯ 4 НАЦИОНАЛЬНЫЕ ВИДЫ СПОРТА И ВОЕННО-ПАТРИОТИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ МОЛОДЕЖИ

Аданов К.Б., PhD, қауымдастырылған профессор

Қарағанды Бөкетов университеті, Қарағанды қ.

Ахметова Т.Е., оқытушы

Қарағанды «Bolashaq» жоғарғы колледжі, Қарағанды қ.

Аданова А.Б., тәрбиеші

«Таңшолпан» өмірлік қиын жағдайдағы балаларды қолдау орталығы КММ, Қарағанды қ.

Хожан С., п.ғ.м., дене шынықтыру пән мұғалімі

Әл-Фараби атындағы мектеп-гимназиясы, Қарағанды қ.

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

Аннотация: Ғылыми мақалада қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің ажырамас бір бөлігі болып саналатын қазақтың ұлттық халық ойындарының теориялық-педагогикалық тұрғыдан қалыптасуы, ойындардың қоғамдағы әлеуметтік, тәрбиелік, рухани орнын анықтай келе, ойындарды барлық жастағы адамдар арасында ұтымды дене тәрбиесі құралы ретінде пайдалануды іске асыру мақсаттары қойылды. Сонымен қатар тарих толқынында ұмытылған, шеттетілген ойындарды да халық арасынан жинақтау іске асырылды. Мақалада елімізде ойындарға байланысты қорғалған ғылыми зерттеу жұмыстары, баспадан шыққан кітаптардағы, журналдардағы, газеттердегі ойындар туралы деректер берілумен қатар, ойындарды топтау, жүйелеу, ойындарға атаулар беру, кәсіби сөздерді жинақтау іске асырылып, педагогикалық анықтамалар берілді.

Кілт сөздер: халық ойындары, ұлттық ойындардың тарихы, спорттық педагогикалық мәні, этнопедагогика, оқу және тәрбие үрдісі, дәстүрлер мен құндылықтар.

Adanov K.B., PhD, Associate Professor

Karaganda Buketov University, Karaganda

Akhmetova T.E., teacher

Karaganda higher college «Bolashaq», Karaganda

Adanova A.B., mentor

"Tangsholpan" support center for children in difficult life situations, Karaganda

Khozhan S., physical education teacher

Al-Farabi Gymnasium school, Karaganda

HISTORY OF THE STUDY OF KAZAKH NATIONAL GAMES

Annotation: The scientific article sets the goals of theoretical and pedagogical formation of Kazakh national folk games, which are an integral part of the traditional culture of the Kazakh people, determining the social, educational, spiritual place of games in society and implementing the use of games as a means of rational physical education among people of all ages. At the same time, the collection of games from the population, forgotten in the waves of history, was carried out. In addition to providing data on games in published books, magazines and newspapers, grouping, systematization of games, naming games, accumulation of professional words, pedagogical definitions were carried out in the article.

Keywords: folk games, history of National Games, sports pedagogical essence, ethnopedagogy, educational and educational processes, traditions and values.

Қазақстанның тәуелсіздік алып, әлеуметтік-экономикалық жағынан нығая бастауы, ұлттық санасының қайта жаңғыруы жағдайында, адамгершілікті-этикалық идеялар көрініс алған қазақ халқының рухани-мәдениетін зерттеу, тәрбиедегі озық дәстүрлерін бүгінгі қоғам талабын ескере отырып зерделеу көкейкесті мәселенің бірі болып табылады. Қазақстанның бірегей халықтарының ұлтаралық және мәдениетаралық ынтымағы мен жетілуін қамтамасыз ете отырып, қазақ халқының көп ғасырлық дәстүрлерін, тілі мен мәдениетін сақтаймыз және дамыта түсеміз» деген Қазақстан халқына арнаған Жолдауынан байқауға болады. Ұлттық рухани мәдениеттің адамгершілік тәрбиесіндегі мәні, оны жеткіншектерге «өз Отанына сүйіспеншілігін, халық дәстүрлеріне құрметін тәрбиелеу» мақсатында пайдалану проблемасы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында да жетекші міндеттердің бірі болып отыр.

Кейінгі жылдары қоғамда көрініс алып отырған келеңсіз жағдайлар да (балалардың тәрбиесіндегі кемшіліктер, жеткіншектердің мінез-құлқындағы дөрекі қылықтар, қатыгездік, жауыздық және т.б.), бүгінгі тәрбие саласындағы жаңаша көзқарасты ғылыми педагогикада жүйелі түрде пайдалануға байланысты тиімді идеяның болмауы да адамгершілік тәрбиесін, соның ішінде бүгінгі таңда балаларға жасына қарай кезеңге бөліп тәлім-тәрбие және білім беруде қолдану қажеттілігін туғызып, тәрбие мәселесін дағдарысқа әкелуде.

Көптеген ойындардың ел ішінде бірнеше атаулармен кездесетіндіктері мысалы: «бестас» ойынының «қақпақыл», «тоғызтас» деген атаулары болса, жамбы ату, «айқабақ» немесе «алтын қабақ» деп аталып, «теңге ілу», «күміс алу», «салма ілу» деген аттары бола тұра, олардың бір ойын түрі екендігі көрсетіліп және ойынның бірнеше нұсқаларының бар екендігі нақтыланды [1].

Ойындарды топтау барысында дәстүрлі ойын-сауық түрлері жеке топтастырылып, ұлттық спорттық ойындарына ережесі қалыптасып бекітілген, спорттық жарыстар өткізілетін ойындар енді, мал, жан-жануарларды қолданып немесе соларға еліктеп ойналатын ойындар жеке, жаңадан қалыптасқан ойындар жеке топталып, ал мазмұны қарапайым, ойнауға жеңіл, уақыт өткізуге қолайлы ойындар ермек ойындары деп жеке топтастырылып берілді.

Ұлттық ойындардың педагогикадағы және этнопедагогикадағы мәнін ашу барысында алдымен ойындардың жас ұрпақтың дене қабілеттерінің өсіп-дамуына, танымдық дүниесінің қалыптасуына, сауаттылықты ойын арқылы жетілдіру, ойындардың адам мінез-құлқына әсері, ұлттық тәрбиемен сусындауына жол ашу сияқты маңызды бағыттары бойынша халқымыз жинақтаған дана тәрбиесін жинақтаушы ағартушылар, зерттеушілер, ұстаздардың еңбектеріне баса көңіл аударылды.

Зерттеудің мақсаты: Қазақтың ұлттық ойындары туралы ғалымдардың ой-пікірлерін талдау және ұлттық ойындарды оқу-тәрбие үрдісінде пайдаланудың маңыздылығын қарастыру.

Ұлттық дәстүрлі халық ойындарының ел арасындағы беделі, тарихи қоғамдағы алатын орны және болашақ ұрпақты өсірудегі қажеттілігі, оның шығу тарихы туралы ғылыми тұрғыдан бізге дейінгі ғалымдар да көп ізденді. Осы мәселеге байланысты зерттелген ғылыми еңбектерді біз хронологиялық шектігіне қарай бірнеше топқа бөліп қарастырамыз.

1. Орыстың отарлау саясаты кезеңіндегі алғашқы орыс әскери шенеуніктері мен миссионерлерінің көшпенділер хақындағы зерттеу жұмыстары;

2. Кеңес заманы кезеңіндегі Орта Азия және Қазақстан халықтарының ұлттық ойындары туралы жазылған ғылыми еңбектер;

3. Мектеп жасына дейінгі балаларды дене шынықтыруға баулу әдістерін педагогикалық сипаттағы бағыт-бағдарлама тұрғысынан зерттелген жинақтар.

4. Тәуелсіз егеменді елдер кезеңіндегі (1992 жылдан бүгінге дейін) аталған тақырыпқа қатысты ізденістер [2].

Алғашқы топтама еңбектің тарихнамалық тізгінін ғалым Ә.Диваевтың еңбегін талдаудан бастайық. Ол өзінің «Игры киргизских детей» атты еңбегінде тарихта алғаш рет қазақтың ұлттық ойындарын үш топқа бөліп қарастырады.

А. Диваев алғашқы топтағы ойын түріне рулық-қауымдық құрылыс кезеңінде өмірге келген ойындарды, екінші топтамадағы дәстүрлі ойындарға қозғалыс ойындарын, үшінші топқа – спорттық ойын түрлерін жатқызады. Ізденуші этнографтың дәлелдеуінше, халық ойындары балалардың іс-әрекетін, қимыл-қозғалысын дамытумен қатар денсаулығын шындауда тездетуші үрдіс әрекетін атқарады [3].

Қазақ балаларының ұлттық ойынына тоқталғандардың бірі – орыс ғалымы А. Алекторов. Мәселен, оның «О рождении и воспитании детей киргизов, правилах и власти родителей» (Орынбор, 1891) атты еңбегін атауға болады.

Автор бұл еңбегінде көшпенді қазақ халқының өмір сүру салтындағы баланың дүниеге келген сәтінен бастап өсу динамикасына дейін ұлттық ойын мен қимыл-қозғалыс әрекетінің алатын орны және балғындардың денсаулығы мен дене мүшесінің қалыптасып дамуындағы жеке халық ойындарының қажетті жақтарын ашып көрсетеді.

Қазақтың белгілі ғалым ағартушылары А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин халық ойындарының балаларға білім берудегі тәрбиелік мәнін жоғары бағалап, өткен ұрпақтың дәстүрі мен алтын құрметтеп, адамдардың ойы мен іс-әрекетін танып түсінуде жастардың эстетикалық, адамгершілік ой талабының өсуіне оның атқаратын қызметін жоғары бағаласа, М.Жұмабаев ойындарды халық мәдениетінің бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, тілдің, дене шынықтыру тәрбиесінің негізгі элементі деп тұжырымдайды [4].

XX ғасырдың басында өмір сүрген этнограф М.Гуннер қазақтың ұлттық ойындарын былайша жіктейді:

1. Жалпы ойындар;
2. Қарсыласу мен күресу сипатындағы ойындар;
3. Ашық алаңқайдағы ойындар;
4. Қыс мезгіліндегі ойындар;
5. Демалыс ойындары;
6. Ат үстіндегі ойындар.

Қазақтың ұлттық қозғалыс ойындарын спорттық ойындардан ажыратып, алғаш рет бөліп караған ғалым М.Гуннер қазақ ойындарына топтамалық жіктеу жасай отырып, ұлттық ойындарды оқу үрдісінде пайдалануға ұсыныс жасайды [5].

Кеңес дәуірі жылдарында қазақтың ұлттық дәстүрлі халық ойындары күн тәртібіндегі өзекті мәселе болғанына карамастан, сол тоталитаризм кезінде дәстүрлі ұлттық ойындарды зерттеген авторлар қатарында М.Тәнекеев, Б.Төтенаев, М.Балғымбаев, Ә.Бүркітбаев, т.б. есімдерін атауға болады. Әсіресе М.Тәнекеевтің қазақтың ұлттық және дәстүрлі ойындарын зерттеген деректерінің өзі жеке мәселе. Оның негізгі еңбектері Қазақстандағы спорт пен дене тәрбиесі саласына арналған.

Ә.Бүркітбаевтың авторлығымен 1985 жылы жазылған «Спорттық ұлттық ойын түрлері және оның тәрбиелік мәні» жинағында ұлт спорты түрлері мен ұлттық спорт ойындарының балалардың күнделікті өміріндегі алатын орны, тәрбиелік маңызы және ат спорты мен ұлттық ойындардың ережесі қарастырылса, М.Балғымбаевтың «Қазақтың ұлттық спорт ойыны түрлері» (Алматы, 1985) атты еңбегіндегі ат спортына қатысты бәйгені бастап жорға жарыс, аударыспақ, жамбы ату, аламан бәйге, т.б. жарыс түрлеріне салыстырмалы талдау жасалады [6].

М.Контарович, Л.Михайлованың авторлығымен жазылған еңбекте жыл мезгіліне сәйкес қыс айларында ойналатын ойындар, топ болып ойнайтын, жеке бір балаға арналған далада өткізілетін қимыл-қозғалыс ойындарының әдістемелік нұсқауы берілген. Ойын түрлері мен шарттарын бала жасына қарай бөліп классификация жасап, бірнеше халық ойындарын ұсынған. Олардың ішінде «Қояндар» (2-3 жасарларға), «Аңшы мен ит және қояндар» (4 жастағылар үшін), «Торғай мен мысық» (5-6 жастағыларға арналған) қозғалмалы ойындарын зерттеп, қолданысқа түсірген [7].

Еліміздің егемендік алуы Қазақстандағы дене шынықтыру, ұлттық ойындар мәселесіне басқаша сын көзбен қарауды талап етеді. Осы орайда соңғы жылдары біздің қарастырып

отырған ізденіс тақырыбымызға орай бірнеше ғылыми еңбектер жарық көрді. Қазақтың ұлттық ойындарын дамыған қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық құрылыммен байланысты қарастырады. Дене шынықтыру пәнінің теориялық дәлелдемесін қазақтың ұлттық ойындарының тәжірибелік жағымен біртұтас алып қарайды.

Жоғарыда айтылған талдау негізінде біз келесі қорытынды жасай аламыз:

1. Қазақ халқы ұлттық ойындардың бала дүниеге келісімен дене жаттығуларын қолданғандығын және адамның жасының өсуіне сай, дене тәрбиесінің де түрлері өзгеріп отырғандығын көруге болады. Ойындарды жас ұрпақтың денесін шынықтыруда, отан қорғау ісінде негізгі құрал ретінде кенінен қолдану қажеттігін көруге болады.

2. Дене тәрбиесін педагогиканың маңызды бір саласы ретінде қарастыра отырып, оған ұлттық этнопедагогикалық ерекшеліктерді орынды қолдануды қосу арқылы дене тәрбиесінің тиімділігін арттыру мүмкін болатындығын атап өтеміз.

3. Ұлттық тәрбие көрсеткендей, ұлттық спорт пен ойындар баланың жан дүниесін қалыптастырушы, ана тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін жеткізуші, еліне деген патриоттық сезімдерді қалыптастырушы педагогикалық құрал екендігін атап өтеміз.

4. Қазақ елінің мұрасы дәстүрлі халық ойындарына қатысты өз еліміздегі, шет елдердегі мәдени мұраларды жинақтау, зерттеу, жүйелеу, оның пайдалы өнегесін жас ұрпаққа үйрету, осы күнгі заман қажеттілігінен туындаған өзекті мәселе екендігі айқындалып отыр.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Алимханов Елемес. Ұлттық спорт пен ойындардың теориялық және педагогикалық негіздері. 13.00.04 – Дене тәрбиесі, спорттық жаттығулар, сауықтыру және бейімдеу дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесі // Педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2010. – 203 бет.
2. Атабаев А.С. «Ұлттық ойындар- халық мұрасы», «Кітап» 2006 жыл, 275 б.
3. Диваев А. Этнографиялық еңбектері. – Алматы: Өлке, 1992. – Б.79-82.
4. Болғанбаев М. Қазақтың ұлттық спорт түрлері. – Алматы: Қайнар, 1993. – 163 б.
5. Гуннер М., Рахимкулов М. Краткий сборник казахских народно-национальных видов спорта. – Алма-Ата: Казгосиздат, 1949. – 67 с.
6. Бүркітбаев Ә. Спорттың ұлттық ойын түрлері және оның тәрбиелік мәні. – Алматы: Жалын, 1978. – 89 б.
7. Доскараев Б.М. Историко-педагогические основы становления и развития системы физической культуры в Казахстане: дис. ... докт. пед. наук. 13.00.04. – Алматы, 2009. – 64 с.

Ануар С., аға оқытушы
Сармантаев А.С., аға оқытушы
Қарағанды Бөкетов университеті, Қарағанды қ.
Әкім А.Ә., оқытушы
«Болашақ» жоғарғы колледжі
Башерлан Н.Б., дене шынықтыру мұғалімі
№ 23 ЖББМ, Қарағанды қ.

ХАЛЫҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ТҮРҒЫДАН ҚАРАСТЫРЫЛЫП ЗЕРТТЕЛУІ

Аннотация: Мақалада денешынықтыру сабақтарында ұлттық ойындарды пайдаланудың ғылыми теориялық мәселелері зерттелін қарастырылады. Сонымен қатар еліміздегі ғалымдардың ұлттық ойындарды зерттеу деңгейі мен ұлттық ойындардың оқушылардың денесін шынықтырудағы рөлі мен оның болашақ ұрпақты тәрбиелеудегі қажеттілігі, ұлттық ойындардың шығу тарихы төңірегіндегі мәселелермен оның өзектілігі туралы ізденіс жасалған.